

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 24 маусым

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті сенаторлар! Енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы қызметіне сайлау туралы.

Слово для оглашения представления Президента страны предоставляется Председателю Высшего Судебного Совета Шиппу Денису Алексеевичу.

ШИПП Д.А. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые депутаты! Главой государства на ваше рассмотрение внесено представление об избрании на должность судьи Верховного Суда Нурбаева Германа Каримовича, Умралиева Ербола Джумабаевича и Токмурзиной Даны Айтмаганбетовны.

В целях усиления судейского сообщества страны кадрами из корпоративного юридического сектора представлены две кандидатуры – Нурбаев Герман Каримович и Токмурзина Дана Айтмаганбетовна.

Герман Каримович имеет большой опыт юридической работы, является специалистом в сфере управления инвестиционными проектами, предпринимательского права, а также законодательства в сфере монополий и регулируемых рынков, недропользования и энергоснабжения.

Дана Айтмаганбетовна – кандидат юридических наук, специалист в сфере налогового, таможенного и предпринимательского права.

Ербол Джумабаевич – представитель государственного юридического сектора. Общий юридический стаж составляет 25 лет, из них 15 лет на государственной службе, а также 10 лет опыта работы в национальных холдингах и квазигосударственных компаниях.

Все представленные кандидаты пользуются большим авторитетом у юридической общественности страны, подготовлены к ответственной работе судьи Верховного Суда.

Уважаемые депутаты, прошу поддержать представление Главы государства об избрании Нурбаева Германа Каримовича, Умралиева Ербола Джумабаевича и Токмурзиной Даны Айтмаганбетовны на должность судьи Верховного Суда.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Спасибо, Денис Алексеевич, присаживайтесь.

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті ұсынылған кандидатураларды алдын ала талқылап, өз қорытындыларын әзірледі.

Слово для оглашения заключения по представленным кандидатурам предоставляется председателю комитета Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам, обсудив на своем заседании предложенные Президентом Республики Казахстан кандидатуры к избранию на должность судьи Верховного Суда Республики Казахстан, вынес заключение.

На основании представления Президента Республики Казахстан от 23 июня 2021 года и в соответствии с подпунктом 1) статьи 55, пунктом 1 статьи 82 Конституции Республики Казахстан и пунктом 1 статьи 31 Конституционного закона Республики Казахстан «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» рекомендовать Сенату Парламента Республики Казахстан избрать Нурбаева Германа Каримовича, Умралиева Ербола Джумабаевича и Токмурзину Дану Айтмаганбетовну на должность судьи Верховного Суда Республики Казахстан.

Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Ендеше жеке-жеке шешім қабылдайық. Алдымен дауыс беру тәртібін анықтап алайық.

Бұл мәселе бойынша ашық дауыс беру ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, шешімдерді ашық дауыс беру арқылы қабылдаймыз.

Бірінші, Нұрбаев Герман Кәрімұлын Жоғарғы Сот судьясы қызметіне сайлау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Екінші, Өмірәлиев Ербол Жұмабайұлын Жоғарғы Сот судьясы қызметіне сайлау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Үшінші, Тоқмырзина Дана Айтмағанбетқызын Жоғарғы Сот судьясы қызметіне сайлау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті сенаторлар! Конституцияға сәйкес Жоғарғы Сот судьяларының анттарын қабылдау Сенаттың ерекше қарауына жатады. Жоғарғы Сот судьясы қызметіне алғаш рет сайланған азамат ант беруі керек.

Ант беру үшін мінбеге Нұрбаев Герман Кәрімұлы шақырылады.

НҰРБАЕВ Г.К. Өз міндеттерімді адал және абыройлы атқаруға, сот төрелігін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына ғана бағына отырып жүзеге асыруға, судья ретіндегі борышым міндеттегендей бейтарап және әділ болуға салтанатты түрде ант етемін!

ТӨРАҒА. Рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Енді ант беру үшін Өмірәлиев Ербол Жұмабайұлы шақырылады.

ӨМІРӘЛИЕВ Е.Ж. Өз міндеттерімді адал және абыройлы атқаруға, сот төрелігін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына ғана бағына отырып жүзеге асыруға, судья ретіндегі борышым міндеттегендей бейтарап және әділ болуға салтанатты түрде ант етемін!

ТӨРАҒА. Рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Мінбеге ант беру үшін Тоқмырзина Дана Айтмағанбетқызы шақырылады.

ТОҚМЫРЗИНА Д.А. Өз міндеттерімді адал және абыройлы атқаруға, сот төрелігін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына ғана бағына отырып жүзеге

асыруға, судья ретіндегі борышым міндеттегендей бейтарап және әділ болуға салтанатты түрде ант етемін!

ТӨРАҒА. Рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Бүгін Жоғарғы Сот судьясы қызметіне жаңадан сайланған азаматтарды құттықтаймыз. Жауапты қызметтеріңізде табыс пен сәттілік тілейміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі екінші мәселе Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі қызметіне тағайындау жөнінде.

Конституцияға сәйкес Сенаттың квотасы аясында Есеп комитетінің мүшесі қызметіне кандидатураны Сенат Төрағасы ұсынады. Осыған байланысты Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі қызметіне Сенаттан алғаш рет осыдан бес жыл бұрын тағайындалған Нұрлан Амангелдіұлы Нұржановты жаңа конституциялық мерзімге тағайындауды ұсынамын.

Ұсынылған кандидатура Қаржы және бюджет комитетінің отырысында алдын ала талқыланды.

Слово для оглашения заключения комитета предоставляется председателю Комитета по финансам и бюджету Перепечиной Ольге Валентиновне.

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Комитет по финансам и бюджету на своем заседании обсудил представленную Председателем Сената Парламента кандидатуру Нуржанова Нурлана Амангелдиевича для назначения на должность члена Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета.

Нурлан Амангелдиевич – государственный аудитор высшей категории, имеет международный сертификат в области финансового контроля и государственного аудита, является действующим членом Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета.

В соответствии с подпунктом 1) статьи 57 Конституции Республики Казахстан и на основании представления Председателя Сената Парламента Республики Казахстан от 18 июня 2021 года Комитет по финансам и бюджету рекомендует назначить Нуржанова Нурлана Амангелдиевича на должность члена Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, Ольга Валентиновнаға сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Нұрлан Амангелдіұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл мәселені талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, дауыс беру рәсіміне көшейік.

Ашық дауыс беру ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі қызметіне Нұржанов Нұрлан Амангелдіұлын тағайындау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Нұрлан Амангелдіұлы, Есеп комитетінің мүшесі болып тағайындалуыңызбен құттықтаймыз. Жұмыстарыңызға табыс пен сәттілік тілейміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті сенаторлар! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудандық, қалалық және ауылдық билік деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Заң жобасы бірінші оқылымда қаралады.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Ерғалиев Әсет Арманұлына беріледі.

ЕРҒАЛИЕВ Ә.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Парламент Сенатының қарауына «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудандық, қалалық және ауылдық билік деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы енгізілді.

Заң жобасы Мемлекет басшысының «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасында бірқатар нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады:

аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің және ауылдық округтердің кіріс базасын кеңейту;

бюджеттік рәсімдерді оңайлату;

жергілікті өкілді және атқарушы органдардың дербестігін кеңейту және жауапкершілігін күшейту;

әкімшілік-аумақтық бірліктерге қойылатын талаптарды жетілдіру.

Ұсынылған негізгі нормаларға тоқтала кетейік.

1. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бюджетінің кіріс көздерін ұлғайту мақсатында төртінші деңгейге қосымша салықтар мен төлемдердің 4 түрін беру ұсынылады.

2. Бюджеттік рәсемдерді оңайлату ұсынылады.

Атап айтқанда, 20 пайыздан аспайтын көлемде ауылдық округ әкімі аппараты үшін бюджетке түзетулер енгізуді көздеу ұсынылады. Түзету жергілікті қоғамдастық жиналысының келісімі бойынша жүргізілетін болады. Сондай-ақ мәслихаттардың шешімдерін әділет органдарында тіркеу қажеттілігі бойынша норманы алып тастап, бюджеттерді бекіту рәсімін оңайлату ұсынылады.

3. Қаржы жылы кезеңінде аудан және ауылдық округ бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттер көлемінің өзгеруіне жол бермейтін Бюджет кодексіне нақтылаушы норма енгізіледі. Осылайша ауылдық округтер әкімдерінде субвенцияларды азайту немесе алып қоюларды ұлғайту қаупі туындамайды және ауылдық округтердің салық салынатын базасын ұлғайтуға ынталандырады.

4. Әкімшілік-аумақтық бірліктер санатын өзгерту тәртібін анықтауды ұсынамыз. Қала мәртебесін өзгерту бес жыл ішінде, ал ауылдар үш жыл ішінде осы заңда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда жүзеге асырылады, яғни жергілікті атқарушы және өкілді органдар осы кезеңде елді мекендердің одан әрі келешегін ескере отырып экономикалық дамуы үшін шаралар қабылдауы тиіс.

5. Мәслихат пен оның депутаттарының мәртебесін арттыру бойынша бірқатар түзетулер қарастырылған.

Мәслихат сессиясы төрағасының қызметін таратып, оның өкілеттігін мәслихат хатшысына беру ұсынылады. Сонымен қатар әрбір облыс пен республикалық маңызы бар қалаларда мәслихаттардың тұрақты комиссия төрағаларының босатылған екі лауазымын енгізу ұсынылады. Бұл ретте тұрақты негізде жұмыс істейтін тұрақты комиссиялардың төрағалары болып әртүрлі саяси партиялардың өкілдерін сайлауды ұсынады. Бұл шаралар аймақтарда саяси бәсекелестікті ынталандыруға әсер етеді.

Бұл заң жобасы өңірлердің дербестігі мен жауапкершілік деңгейін арттыруға және жергілікті маңызы бар мәселелерді неғұрлым жедел шешу үшін бюджеттік рәсімдерді айтарлықтай жеңілдетуге мүмкіндік береді деп санаймыз.

Құрметті депутаттар, ұсынылып отырған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймыз. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос к Министру национальной экономики.

В соответствии с вносимыми поправками в Бюджетный кодекс предусматривается норма о передаче единого земельного налога в бюджеты города районного значения, села и сельского округа.

Следует отметить, что согласно статье 702 Налогового кодекса плательщиками данного налога являются крестьянские или фермерские хозяйства, применяющие специальный налоговый режим и имеющие земельные участки сельскохозяйственного назначения.

Между тем в соответствии с Земельным кодексом земли сельскохозяйственного назначения расположены за пределами границ населенных пунктов, и они не перераспределены между городами районного значения, села и сельского округа. В этой связи возникают следующие вопросы.

1. Учитывая, что в границах района имеются несколько сельских населенных пунктов, а в южных регионах зачастую их более десяти, каким образом будут осуществляться администрирование и распределение единого земельного налога между вышеназванными административными единицами?

2. Сколько на сегодня составляет по республике общая сумма поступлений по единому земельному налогу, насколько значительна будет их роль в формировании бюджета четвертого уровня? Рақмет.

ЕРҒАЛИЕВ Ә.А. Спасибо за вопросы.

После принятия закона форма налоговой отчетности для плательщиков единого земельного налога будет дополнена новой строкой для того, чтобы там можно было указать БИН региона по месту нахождения. То есть налоговые отчисления будут происходить по каждому сельскому округу, именно там, где находится земельный участок.

С учетом того, что сейчас действует мораторий на налоговые платежи, поступления единого земельного налога от субъектов малого и микробизнеса в 2020 году составили 99,3 миллиона тенге. После того как мораторий будет снят в 2023 году, данная сумма будет составлять 700 миллионов тенге.

Касательно эффекта на четвертый уровень бюджета. После того как произойдет передача тех видов налогов и платежей, которые предусмотрены законодательством, собственная доходная база четвертого уровня бюджета увеличится на 40 процентов. Эта сумма варьируется по регионам. Есть регионы, где данная сумма в диапазоне 80-100 процентов (Павлодарская, Акмолинская, Костанайская области), есть регионы, где данная сума варьируется от 20 до 30 процентов (Туркестанская, Жамбылская, Алматинская области). Такой диапазон зависит от собственной базы, которая сформирована с доходов именно на четвертом уровне бюджета.

В целом данная работа будет продолжена. На сегодня Министерством национальной экономики формируется Концепция развития местного самоуправления, которая будет вынесена 1 июля на рассмотрение Высшего совета по реформам, где предусмотрены дополнительные платежи и налоги, которые будут переданы на четвертый уровень бюджета. Спасибо.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Әсет Арманұлы. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы Әділбеков Дәурен Зекенұлына беріледі.

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған заң жобасы мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту үшін жергілікті билік органдарына қосымша функциялар мен өкілеттіктерді беру және бюджеттік реттеуді жетілдіру мақсатында әзірленген.

Ұлттық экономика министрі Әсет Арманұлы өз баяндамасында заң жобасы арқылы енгізілгелі отырған нормалар бойынша толық баяндап шықты. Сондықтан заң жобасындағы негізгі өзгерістер мен толықтыруларға қысқаша тоқталып өтуге рұқсат етіңіздер.

1. Заң жобасында жергілікті бюджетті нығайту мақсатында бюджеттің төртінші деңгейіне салықтар мен төлемдердің қосымша төрт түрін беру қарастырылған. Олар:

бірыңғай жер салығы;

жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлемақы.

2. Елді мекеннің мәртебесін жыл сайын өзгертуге жол бермеу және елді мекеннің оң өсу динамикасын анықтау үшін әкімшілік-аумақтық бірліктер санатын өзгерту тәртібін айқындау ұсынылады.

3. Жоғары тұрған деңгейлерге ұқсас қаржы жылы ішінде аудан, ауыл бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттер көлемінің өзгеруіне нақтылаушы түзету енгізіледі.

Жалпы аталған нормалар өңірлердің дербестігі мен жауапкершілік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Заң жобасы бойынша жұмыс тобының үш отырысы және комитеттің кеңейтілген отырысы өткізілді. Заң жобасының тұжырымдамасы бойынша Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Құрметті әріптестер, жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, комитет қаралып отырған заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады және қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дәурен Зекенұлы.

Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудандық, қалалық және ауылдық билік деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.
Сөз Әділбеков Дәурен Зекенұлына беріледі.

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. Құрметті Мәулен Сағатханұлы! Қаралып отырған заң жобасын екінші оқылымда қарау мәселесін күн тәртібіне енгізуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Бұл мәселе бойынша шақырылған азаматтар екінші оқылымға дейін бос.

Құрметті сенаторлар! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне қашықтан жұмыс істеудің құқықтық реттелуін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Заң жобасын бірінші оқылымда қараймыз.

Бұл заң жобасына біздің депутаттар бастамашы болды.

Бастамашы топтың атынан баяндама жасау үшін сөз Сенат депутаты Төреғалиев Нариман Төреғалиұлына беріледі.

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Бүгінгі қаралып отырған заң жобасы Парламент депутаттарының бастамашылығымен әзірленді.

Бүгінгі таңда әлемдік практикада қашықтан жұмыс істеу белсенді даму үстінде, сондай-ақ жұмыскердің аралас жұмыс істеу режимінде жұмыс істеуді үйлестіруінің құқықтық мүмкіндігі кеңінен таралған.

Коронавирустың таралуына дейін жүргізілген халықаралық зерттеулерге сүйенсек, 2020 жылдың басында әлемдік компаниялардың 16 пайызы толығымен қашықтан жұмыс істеді, ал 40 пайызы аралас жұмыс режимін қолданды.

Өздеріңізге белгілі, 2020 жылы Қазақстан аумағында COVID-19 коронавирус инфекциясының таралуы қызметкерлердің орта есеппен 70 пайызын қашықтан жұмыс істеуге ауыстырып, жұмыс режимінің өзгеруіне алып келді. Елімізде қашықтан жұмыс істеуді ұйымдастырудың қалыптасқан тәжірибесі пандемия кезеңіндегі еңбек саласындағы нақты процестер мен еңбек заңнамасы арасындағы алшақтықты көрсетті. Аталған мәселелер қолданыстағы Еңбек кодексінің 138-бабымен ғана реттелді, ол өз кезегінде бүгінгі қашықтықтан жұмыс істеу проблемаларын толыққанды шешуге мүмкіндік бермеді.

Анықталған олқылықтарды ескере отырып депутаттар бірқатар ұсыныс жасады. Атап айтқанда, қашықтан жұмыс істеуге ауысқан қызметкерлер тап болған өткір мәселелердің бірі коммуникация құралдарымен, компьютерлермен және басқа да құралдармен қамтамасыз ету болатын. Осыған байланысты заң жобасында көзделген нормаға сәйкес төтенше жағдайды енгізу, жариялау және шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде уақытша қашықтан жұмыс істеу кезінде жұмыскерлерді коммуникация құралдарымен қамтамасыз ету және шығыстарды өтеу қажеттілігі жұмыс берушінің актісінде айқындалатын болады. Егер жұмыскер өзінің коммуникация

құралдарын тұрақты негізде пайдаланатын болса, онда жұмыс беруші өтемақы төлей алады, оның мөлшері, төлеу тәртібі мен мерзімдері тараптардың келісуі бойынша айқындалатын болады.

Келесі тағы бір норма тараптардың келісуі бойынша қашықтан және қашықтан аралас жұмыс істеу ұғымдарын енгізу туралы. Аралас жұмыс істеу жұмыс кезеңдерін жұмыс беруші орналасқан жерде де, одан тыс жерде де кезектестіруге мүмкіндік береді.

Жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау мақсатында еңбек шартында жұмыс уақытының тіркелген есебін белгілеу жөніндегі норма көзделді, осы уақыт ішінде жұмыскер жұмыс уақытының күнделікті ұзақтығының шектеулерін сақтай отырып, жұмыс уақыты шегінде жұмыс берушімен байланыста болу үшін қолжетімділік режимінде болуға тиіс.

Бұл ретте еңбек шарты тараптарының келісуі бойынша қашықтан жұмыс істейтін жұмыскерлер үшін жұмыс уақытының жиынтық есебін қолдана отырып, икемді жұмыс уақыты режимі белгіленуі мүмкін. Сонымен бірге орындалатын жұмыс көлемі сақталған жағдайда жұмыс берушіге қашықтан жұмыс істейтін қызметкердің жалақысын төмендетуге мүмкіндік бермейтін норма көзделді.

Жұмыс берушінің жұмыскерлер қашықтықтан жұмыс істеу кезінде пайдаланатын құпия ақпаратты қорғау туралы шарт жасасу құқығы бекітілді.

Заң жобасының қабылдануымен қашықтан жұмыс істеуді нақты регламенттеу және еңбек шарты тараптарының құқықтары мен міндеттерін бекіту арқылы жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау қамтамасыз етілетін болады.

Құрметті әріптестер! Осы заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Нұрсипатов Нұржан Нұрланбекұлына беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Рақмет, құрметті Төраға.

Сұрақ Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Сарбасов Ақмәди Әділұлына қойылады.

Заң жобасында тараптардың келісімі бойынша қашықтықтан жұмыс істейтін қызметкерлерге икемді жұмыс уақыты режимі белгіленуі мүмкін делінген.

Күнделікті өмірде әртүрлі жағдай болады, әртүрлі басшылар бар. Мысалы, қызметкер белгіленген жұмыс уақытында жұмыс берушімен байланыста болған жоқ делік, бірақ ол белгіленген мерзімде қажетті жұмыс көлемін орындап үлгерген.

Сұрақ: осы жағдай қызметкерге икемді жұмыс режимімен қашықтан жұмыс істеу ретінде есептеле ме?

Екінші мәселе елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін арнайы қызметкерлерге байланысты.

Заң жобасында қашықтан жұмыс істеу тараптардың келісімі бойынша белгіленетіні қарастырылған. Дегенмен жекелеген ұйымның, мекеменің тұрақтылығын ғана емес, жалпы елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қызметкерлердің үздіксіз жұмысын қажет ететін

құрылымдар бар екені белгілі. Осы қызметкерлердің, әскерилердің еңбегі қалай регламенттеледі? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ақмәди Әділұлы, жауап беріңіз.

САРБАСОВ А.Ә. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті сенаторлар!

Сұрағыңызға рақмет. Еңбек кодексiне сәйкес икемдi жұмыс режимдерiнiң әртүрлi формалары бар. Біріншіден, жұмыскер өзiнiң графигiне сәйкес жұмыс жасайды. Егер таңғы сағат 8.00-ден бастаса, онда кешкi сағат 17.00-ге дейiн, егер таңғы сағат 7.00-ден бастаса, онда сағат 16.00-ге дейiн. Ал екiншi формасы бойынша (жаңа сiз сұрағыңызда айтқандай) жұмыскер жұмыс уақыты аралығында жасайтын жұмысты өзi шешедi, бiрақ осы режимде жұмыс iстеу үшiн мiндеттi түрде жұмыс берушiнiң жазбаша түрде келiсiмi болу керек. Сол кезде ол қашықтағы икемдi жұмыс режимi болып саналады.

Екiншi сұрақ бойынша айтсақ, Еңбек кодексiне сәйкес әскери қызметкерлердiң еңбегi бөлек заңмен реттеледi. Бiрақ бұл заңдарда қашықтан жұмыс iстеу нормалары көрсетiлмеген, сондықтан оларға Еңбек кодексiн пайдалану керек. Ал осы қарап жатқан заң жобасында олар қашықтан жұмыс iстеу үшiн жұмыс берушiнiң мiндеттi түрде актiсi болу керек. Сондықтан әскери қызметкерлердiң қашықтан жұмыс iстеуi үшiн мәселенi жұмыс берушiнiң өзi шешедi. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Нариман Төреғалиұлы. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшiн сөз Әлеуметтiк-мәдени даму және ғылым комитетiнiң мүшесi Жүсiп Нұртөре Байтiлесұлына берiледi.

ЖҮСiП Н.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Қадiрлi әрiптестер! Коронавирустық пандемия бүкiл адамзаттың ХХI ғасырда басынан өткерген ең ауыр сынағына айналды. Бұны Екiншi дүниежүзiлiк соғыспен, Ұлы депрессиямен салыстыруға да болатын сияқты. Қазiр бүкiл әлем өзгерiс сөзсiз болатынын түсiнiп отыр, болашаққа алаңдаушылықпен қарап отыр.

COVID-19 пандемиясы қоғамдық тәрiптiң түбегейлi өзгеруiне алып келдi және бизнес-процестердiң басым көпшiлiгi онлайн режимiне ауысатын жаңа жағдайды қалыптастырды. Еуропа одағы, АҚШ, Канада, Финляндия, Дания, және Швеция елдерiнде жыл сайын қашықтан жұмыс iстейтiн қызметкерлер саны көбейiп келедi.

Қазiрдiң өзiнде бiздiң еңбек нарығымызда да көп нәрсе өзгергенiн байқаймыз, қашықтан жұмыс iстеу тек қана тренд емес, сонымен қатар қажеттiлiкке айналды. Мәселен, 2022 жылы қашықтан жұмыспен қамту бүкiл әлем бойынша шамамен 1,87 миллиард адамды қамтиды деп болжанып отыр. Егер проценттiк көрсеткiшке келсек, бұл жер шарының барлық еңбек ресурстарының 42,5 пайызын құрайды.

Осы және басқа да фактiлердi назарға ала отырып, заң жобасын Парламент Мәжiлiсiнде қарау шеңберiнде депутаттар 44 түзету енгiздi. Бұдан басқа Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және заң техникасы қағидаларына сәйкес

келтіруге бағытталған редакциялық және нақтылау сипатындағы бірқатар түзетулер қаралған. Әзірленген заң жобасы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының қашықтан жұмыс істеу рәсімін реттеу бөлігін жетілдіруге бағытталған. Жаңа өз баяндамасында әріптесім Нариман Төреғалиұлы заң жобасының негізгі мақсаты жөнінде толыққанды ақпарат беріп өтті, сондықтан оның бәрін қайталаудың қажеті жоқ деп есептеймін.

Заң жобасын іске асыру қызметкерлер қашықтан жұмыс істеуді немесе аралас қашықтан жұмыс істеуді жүзеге асырған кезде жұмыскер мен жұмыс берушінің өзара еңбек қатынастары процестерін құқықтық реттеуді жетілдіруге мүмкіндік береді.

Заң жобасын тұтастай қабылдау жұмыс беруші мен қызметкер арасында еңбек қатынастарын тиімді құру үшін қолданыстағы тәсілдерді тиімді пайдалануға, еңбек заңнамасын үйлестірудің оңтайлы тетігін қалыптастыруға, сондай-ақ қолданыстағы құқықтық олқылықтар мен кемшіліктерді жоюға мүмкіндік береді деп болжанады.

Заң жобасы бойынша Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті тарапынан құрылған жұмыс тобының үш отырысы өткізілді. Заң жобасының барлық нормалары кеңінен зерделенді. Сенаттың тұрақты комитеттерінен және Сенат Аппаратының тиісті бөлімдерінен ескертулер мен ұсыныстар келіп түспеді.

Баяндалғанды ескере келе, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне қашықтан жұмыс істеудің құқықтық реттелуін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұртөре Байтілесұлы.

Заң жобасын талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне қашықтан жұмыс істеудің құқықтық реттелуін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Төреғалиев Нариман Төреғалиұлына беріледі.

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне қашықтан жұмыс істеудің құқықтық реттелуін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарауды енгізуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтар екінші оқылымға дейін бос.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі бесінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рейдерлікке қарсы күресті күшейту, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз араласуынан қорғау және бағалы металдардың заңсыз айналымына кедергі келтіретін шараларды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Заң жобасы бірінші оқылымда қаралады.

Бұл заң жобасын да депутаттар әзірледі.

Бастамашы топтың атынан баяндама жасау үшін сөз Сенат депутаты Айтпаева Сәуле Мұханбедианқызына беріледі.

АЙТПАЕВА С.М. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Доля малого и среднего бизнеса в Казахстане – это 31,6 процента ВВП, это более 1,3 миллиона индивидуальных предпринимателей, более 200 тысяч крестьянских хозяйств и 2897 предприятий среднего предпринимательства, это наша опора экономики, которая кормит, одевает нас, развивает города и села.

Во многих уголках страны в данном секторе трудится свыше 70 процентов населения. Предпринимателя не могут не волновать любые негативные тенденции в экономике, ибо он хочет заработать и делать бизнес, воспитывать детей здесь. Но есть плачевная статистика их трудностей: каждая пятая проверка малого и среднего бизнеса проводится с нарушением прав предпринимателей, более 9 тысяч незаконно возбужденных административных производств, почти 3 тысячи фактов незаконного применения ограничительных мер, арестов счетов, налоговых уведомлений, проверок без оснований и так далее. Прокурорами выявлено более 800 незаконных проверок, из них порядка 600 отмечено, защищены права свыше 55 тысяч предпринимателей.

Быть незаконно вовлеченным в орбиту уголовного преследования, административного производства, а по судебным решениям, где вступили в законную силу, не получить изъятое имущество, документы и терпеть убытки, отсутствие справедливости и уважения, потеря репутации – это болевые точки в жизни бизнесмена и человека.

Цель настоящего законопроекта – заложить эффективные процессуальные механизмы противодействия незаконному проверочному процессуальному давлению со стороны контролирующих и правоохранительных органов.

Уголовное право и процесс не должны препятствовать экономическому развитию, должны содействовать, обеспечивать безопасность бизнеса и человека в целях реализации поручений Главы государства, озвученных в посланиях и Общенациональном плане развития Республики Казахстан.

Изменения и дополнения можно условно разделить на следующие основные категории:

- 1) защита бизнеса от рейдерства;
- 2) переориентирование высшего надзора на решения проблем граждан и бизнеса;
- 3) осуществление следственных действий в отношении предпринимателей только с санкции суда или прокурора;
- 4) пересмотр порогов привлечения бизнеса к уголовной ответственности за налоговые правонарушения.

Также вошли поправки по противодействию нелегальному обороту драгоценных металлов.

С учетом большого объема и регламента более детально отражено на слайдах, представленных вам, уважаемые сенаторы.

Заң жобасында қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Бағалы металдар мен асыл тастар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер көзделген және олар мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттерінен азаматтар мен бизнес субъектілерінің құқықтарын қорғауды арттырады.

Нақты айтқанда, кәсіпкерлерге қатысты рейдерлік фактілері бойынша қылмыстық жауаптылық күшейтіледі, құқық қорғау және бақылаушы органдардың билік өкілеттіктерін пайдалана отырып немесе сот тәртібімен корпоратившілік басып алу жолымен бизнесті басып алу тәсілдері нақтыланады. Сондай-ақ заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі келтіру тәсілдері нақтыланады. Мысалы, тексерулер жүргізу тәртібін бұзу, лицензия беруден заңсыз бас тарту, қызметті заңсыз тоқтату, жеке кәсіпкерлік субъектісін қайырымдылыққа және өзге де іс-шараларға құқыққа қайшы мәжбүрлеу, бизнеске елеулі зиян келтіруге әкеп соққан жеңілдіктер мен преференцияларды қолданудан заңсыз бас тарту, қолданбау немесе кедергі жасау сияқты іс-әрекеттер енді Қылмыстық кодекстің 365-бабымен «заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі келтіру» деп сараланатын болады.

Для ограждения предпринимателей от необоснованного вовлечения в орбиту уголовного преследования вносятся поправки в Уголовно-процессуальный кодекс.

Сокращаются до трех суток сроки рассмотрения жалоб бизнеса и граждан на несанкционированные осмотры, обыски, выемки, временное ограничение имущества. Устанавливается обязанность следователя устанавливать срок временного приостановления операций и сделок с имуществом до 10 суток. По истечении этого срока он должен возбудить ходатайство перед следственным судом о наложении ареста на имущество либо отменить ограничение.

Статьи УПК дополняются правом прокурора пересмотреть и установить разумный срок досудебного расследования. Сейчас эти сроки фиксированные, до одного месяца по делам дознания и до двух месяцев предварительного следствия.

В общих правилах осмотра устанавливаются дополнительные гарантии бизнесу. В этих целях предлагается наряду с жилищами принудительный осмотр помещений бизнеса, частнопрактикующих лиц (нотариусов, частных судебных исполнителей) осуществлять с санкции следственного суда.

Теперь выемка информации, содержащейся в носителях (сотовых телефонах, смартфонах, компьютерной технике), будет производиться только с санкции суда.

Усиливаются меры и за нелегальный оборот драгоценных металлов, которые сегодня находятся вне уголовной плоскости (Уголовный кодекс дополняется статьями 269-1 и 295-1).

Теперь, как поручил Глава государства, прокуроры смогут рассматривать обращения бизнеса и назначать проверки в государственных органах по фактам незаконного вмешательства их должностных лиц в предпринимательскую деятельность.

Запретительные и ограничительные меры уполномоченных органов будут отменяться постановлением прокурора, обжалование которого не приостанавливает его исполнения.

Наш комитет с выездом удостоверился в готовности органов прокуратуры, правоохранительных органов к реализации этого законопроекта, если он будет одобрен Сенатом и подписан Президентом нашей страны.

Вам в материалах представлена система информационной помощи малому и среднему бизнесу «Қамкор», согласно которой любой бизнесмен, любой гражданин может проверить законность назначения его проверки, те разумные сроки, которые применяются, и другие вопросы.

Спасибо за внимание. Прошу поддержать данный законопроект.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Сұлтанов Ерік Хамзаұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Е.Х. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары Шындалиев Әсет Қазақбайұлына.

Жалпы, депутаттар ұсынған заң жобасы кәсіпкерлерді қорғауға, сондай-ақ оларды қылмыстық қудалаудың айналасына негізсіз тартылатын жағдайлардан қорғауға бағытталған.

Заң жобасында Қылмыстық кодекске бизнесті салықтық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылыққа тартудың қолданыстағы шегін қайта қарау бөлігінде түзетулер енгізіледі.

Салықтық құқық бұзушылықтардың ірі және аса ірі мөлшерлері үшін қолданылудағы төменгі шектерге 10 пайыз қосымша шек қойылып отыр.

Біз әріптестеріміздің бастамасын қолдаймыз. Сонымен қатар менің Бас Прокурордың орынбасарына мынадай сұрағым бар.

Енді төленбеген салықтардың ірі және аса ірі мөлшерлері қалай есептеледі және бұл түзетулер бизнесті қылмыстық қудалаудың айналасына шамадан тыс тартудан қорғауды қалай қамтамасыз етеді? Рақмет.

ТӨРАҒА. Әсет Қазақбайұлы, жауап беріңіз.

ШЫНДАЛИЕВ Ә.Қ. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті сенаторлар! Сұрақтарыңызға рақмет.

Тарихтан бастар болсам, бизнес субъектілерінің салықтан жалтарғаны үшін қылмыстық жауапкершілік 1997 жылы Қылмыстық кодексте көрсетілген. Сол кодекске сәйкес салықтың төлемеген сомасы 2 мың АЕК-тен (МРП) асса, сол кезде ол ірі мөлшер болып саналатын, ал 5 мың АЕК-тен (МРП) асса, ол аса ірі мөлшер болып саналатын.

2011 жылы бұл мөлшер қайта қаралып, 10 есе өсті, яғни ірі мөлшер 20 мың АЕК (МРП) болды, ал аса ірі мөлшер 50 мың АЕК (МРП) болды.

2019 жылы экономикалық қылмыстарды гуманизациялау кезінде бұл шектер қайтадан қаралып, ол мөлшерлер 50 мың АЕК (МРП) және 75 мың АЕК-ке (МРП) дейін көтерілді.

Президент былтырғы Жолдауында бизнесті қылмыстық жауапқа тарту шектерін қайта қарауды тапсырды және Инвесторлар кеңесінде бірқатар бизнес өкілдері қазіргі қолданыстағы шектеулер бойынша үлкен айналымы бар кәсіпорындар қылмыстық жазаға негізсіз тартылуы мүмкін екендігін айтты. Мысалы, салықтан жалтарамын деген теріс пиғылы жоқ, тек қана бухгалтерлік немесе есеп қатесі үшін қылмыстық қудалауы мүмкін. Бір ғана бухгалтерлік қате үшін қылмыстық іс тіркеледі және қудалау органдары материалдарын шығартады. Олар ол істі тоқтату үшін құқық қорғау органдары барлық тергеу әрекеттерін жүргізу керек: кәсіпкерден құжаттарын алып қояды, мүлікпен операцияларды тоқтатады, тінту жасайды, кәсіпкерден және оның қызметкерлерінен жауап алады, яғни бизнесті негізсіз қылмыстық қудалау орбитасына тарту қаупі бар. Сол үшін депутаттар қосымша шара ұсынды. Мысалы, салық органдары салық төлеушінің үш немесе бес жылдағы жұмысын тексереді. Сол тексерілген жылдар үшін төлемеген салық 50 мың АЕК-тен (МРП) асатын болса, сол кезде екінші шекті тексереді, 10 пайыз бар ма, жоқ па, соны тексереді. Егер тексерілген кезінен бір календарлық жылда бюджетке төленуге тиіс салықтың 10 пайызынан артық сома төлемеген болса, сол кезде қылмыстық қудалау басталады. Ал тексерілген кезінің әрбір жылында төленбеген сома 10 пайыздан аз болса, ол кезде қылмыстық құрам болмайды және бизнес қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Бірақ ол әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Былай айтқанда, бізде бұрын бір шектеу – 50 мың немесе 75 мың АЕК (МРП) болса, енді екі шектеу – 50 мың немесе 75 мың АЕК (МРП), ал екінші шектеу 10 пайыз болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Сәуле Мұханбедианқызы. Орныңызға отырыңыз.

Слово для содоклада предоставляется председателю Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! В результате мер, принятых Президентом страны, Правительством, и законодательных поправок снизилось административное давление на бизнес.

Так, по результатам официальной статистики, если в 2010 году из 700 тысяч предпринимателей проверялся каждый второй, то в 2020 году – только каждый сорок девятый. А с наделением органов прокуратуры правом отказа в проверках появился

защитный барьер от необоснованного вмешательства в деятельность предпринимателей. Только за последние девять месяцев защищены и восстановлены права свыше 132 тысяч предпринимателей, внесено 470 актов надзора, отменено 180 незаконных правовых актов государственных органов и 1260 незаконных проверок. Привлечено к ответственности 310 должностных лиц, в том числе к административной – 45. Но этого оказалось недостаточно.

В Послании народу Казахстана от 1 сентября 2020 года «Казахстан в новой реальности: время действий» Глава государства отметил: «Любое незаконное вмешательство государственных структур в предпринимательскую деятельность, воспрепятствование работе бизнесменов должны восприниматься как тягчайшее преступление против государства. Предприниматели в случае неправомерного нажима на них чиновников должны смело обращаться в органы прокуратуры».

В целях реализации поручений Президента группой депутатов Парламента, в том числе нашими коллегами, был разработан рассматриваемый сегодня законопроект, который в случае принятия позволит:

переориентировать высший надзор прокуратуры на быстрое решение проблем предпринимателей;

защитить бизнес от рейдерства и незаконного давления со стороны государственных органов;

снизить риск вовлечения бизнеса в орбиту уголовного преследования.

В рассматриваемом законопроекте решаются и многие другие задачи, о чем подробно в своем докладе изложила уважаемая Сауле Муханбедиановна.

Проект закона прошел все стадии обсуждения в Сенате, рассмотрен на заседаниях рабочих групп с участием представителей ряда государственных органов, отдельных граждан и на заседании головного комитета.

Замечаний и предложений по концепции законопроекта от постоянных комитетов Сената и Аппарата не поступило.

На основании изложенного Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам предлагает одобрить в первом чтении проект Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам усиления борьбы с рейдерством, защиты предпринимательской деятельности от незаконного вмешательства государственных органов и должностных лиц и усиления мер, препятствующих нелегальному обороту драгоценных металлов». Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Владимир Васильевич.

Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рейдерлікке қарсы күресті күшейту, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың

заңсыз араласуынан қорғау және бағалы металдардың заңсыз айналымына кедергі келтіретін шараларды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Слово предоставляется Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Вношу предложение – включить в повестку сегодняшнего заседания Сената рассмотрение данного проекта закона во втором чтении. Спасибо.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтар екінші оқылымға дейін бос.

Құрметті сенаторлар! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Заң жобасы бірінші оқылымда қаралады.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Омаров Сапархан Кесікбайұлына беріледі.

ОМАРОВ С.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! 2016 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен Жер кодексінің жекелеген баптарының қолданысына мораторий енгізілгені белгілі. Бұл мораторий 2021 жылы 31 желтоқсанда аяқталады.

Шетелдіктер бойынша мораторий нормаларына келетін болсақ, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев түпкілікті саяси шешім қабылдады. Ол бойынша 2021 жылы 13 мамырда ауыл шаруашылығы жерлерін шетелдіктерге, шетелдік заңды тұлғаларға беруге және сатуға толық тыйым салуды көздейтін Қазақстан Республикасының тиісті заңы қабылданды.

Қазақстандықтарға қатысты мораторий нормалары бойынша, сондай-ақ жер заңнамасын жетілдіру мақсатында Мемлекет басшысы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бесінші отырысында Жер реформасы бойынша комиссия құруды тапсырды.

Комиссия құрамына Парламент депутаттары, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелері, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және ауыл шаруашылығы саласындағы қауымдастық өкілдері, қоғам қайраткерлері, саясаткерлер, журналистер және агробизнестің беделді азаматтары енгізілді.

Жер комиссиясының құрамына барлығы 80 адам кірді, олардың 75 пайызы азаматтық қоғам өкілдері және тәуелсіз сарапшылар болды.

Жер реформасы жөніндегі комиссияның жұмысы көпшілік алдында жүргізілді, оның барлық отырыстары онлайн режимде көрсетілді және әлеуметтік сайттарда жарияланып, талқыланды. Кез келген ниет білдіруші комиссия отырыстарын қарап, оның штабына сұрақтар мен ұсыныстарды жолдауға мүмкіндік алды.

Жер реформасы жөніндегі комиссия ағымдағы жылғы 25 наурызда жұмысқа кірісіп, 24 сәуірде жұмысын аяқтады. Комиссияның 5 отырысы өткізіліп, онда 120-дан астам ұсыныс көтеріліп, жер заңнамасын жетілдіру бойынша бірқатар жүйелі ұсынымдар әзірленді.

Жер реформасы жөніндегі комиссияның ұсыныстарын іске асыру мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы дайындалды.

Әзірленген заң жобасының мақсаты жер заңнамасын жетілдіру, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жалға алу институтын реттеу және жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды күшейту болып табылады.

Заң жобасының негізгі өзгерістері мен толықтырулары:

1) қазақстандықтарға және қазақстандық заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді 49 жылға дейінгі мерзімге жалға беру;

2) жалға алу мерзімі аяқталған кезде оны жаңа мерзімге ұзарту құқығын беру;

3) мемлекеттен сатып алмай, жер пайдаланушылар арасында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жалдау құқығын иеліктен шығару. Бұл ретте оларды пайдалану мерзімі кемінде 5 жыл, сондай-ақ жер қатынастары органдарын хабарлау міндетті шарт болып табылады;

4) Жер ресурстарын басқару комитетіне жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау функцияларын әкімдіктерден қайтару;

5) ауыл шаруашылығы жерлерінің нысаналы мақсатын «бақ шаруашылығы» және «саяжай құрылысына» өзгертуге тыйым салу;

6) жер беру комиссиясының хаттамалық шешіміне шағымдану мерзімін белгілеу бойынша нормаларды нақтылау;

7) халықтың мұқтажын қанағаттандыру мақсатында жергілікті жағдайларды ескере отырып, жайылымдарды басқару жөніндегі жоспарларда қажетті жайылым алқабының шекарасын айқындау;

8) берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері туралы мәліметтерді мемлекеттік жер кадастрының интернет ресурсында ашық түрде орналастыру;

9) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қазақстандықтарға жекеменшікке беруге мораторийдің қолданылу мерзімін 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзарту.

Әзірленген заң жобасын қабылдау нәтижесінде мынадай оң әлеуметтік-экономикалық салдар күтіледі:

жалға алынған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді экономикалық айналымға тарту;

жергілікті халықтың жайылымдық жерлерге қажеттілігін қанағаттандыру;

ауыл шаруашылығы жерлерінің нысаналы мақсатын өзгертуге қойылатын талаптарды және жерді пайдалану мен қорғауға бақылауды күшейту;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері бойынша ақпараттың ашықтығы.

Жер заңнамасына талқыланған түзетулерді қабылдау агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамытудың негізі болып табылады, өйткені жер мәселелері ауыл шаруашылығы экономикасын дамытудың негізгі факторлары.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Нухұлы Алтынбекке беріледі.

НУХҰЛЫ А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Сапархан Кесікбайұлы! 2016 жылы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің жекелеген нормаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін жалға беру құқығы мен жеке және заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері бойынша жекеменшік құқығын беруге 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін мораторий жарияланғанын білеміз.

Бес жыл өткеннен кейін, жақында шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін жалға беру құқығын алып тастау туралы заң жобасын қабылдап, аталған мәселе шешілді.

Қазір қаралып отырған заң жобасымен қазақстандық жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік меншіктегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне жекеменшік құқығын беруге мораторийді қайтадан бес жылға, яғни 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін созу қарастырылған.

Жалпы жерді дұрыс пайдалану мен сақтап қалу және оны экономикалық айналымға енгізудің тиімді механизмдерін жүзеге асыру өте өзекті мәселе.

Осыған байланысты сұрақ:

Неге ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін жекеменшікке беру-бермеу мәселесі әлі күнге дейін өз шешімін таппай келеді? Бес жыл аз мерзім емес, не себептен бұл сұрақ бойынша нақты шешім қабылданбады?

Мемлекеттің иелігіндегі жерді экономикалық айналымға енгізу бойынша қандай тиімді механизмдерді ұсынуды жоспарлап отырсыздар? Рақмет.

ОМАРОВ С.К. Сұрағыңызға рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Жер мәселесінің біздің халқымыз үшін маңызы өте зор болғандықтан Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Жер мәселелері бойынша реформа жасау үшін комиссия құруды тапсырды. Оны өздеріңіз білесіздер, мен жаңа баяндамада айтып кеттім. Сол тапсырмада жер мәселесіне байланысты барлық сұрақты ашық түрде талқылап, халқымыздың пікірін есепке ала отырып шешім қабылдау бойынша тапсырма берілген болатын. Сол үшін Жер комиссиясы құрылды.

Жер комиссиясының 75 пайыздан астамы қоғам қайраткерлері болды. Қоғам қайраткерлерінің қатысуымен Жер комиссиясындағы мәселелердің барлығы ашық талқыланды. Соның ішінде ең маңызды, ең қызу талқыланған мәселе – қазақстандықтарға жерді жекеменшікке беру мәселесі болды.

Бұл жерде объективті, субъективті себептер қаралды, әр жұмыс тобында қаралды, әр жұмыс тобының мүшелерінің Facebook, Instagram парақшаларында және жеке кездесу кездерінде бұл мәселе халықпен талқыланды. Соның арқасында көпшілікпен осындай шешім қабылданды. Бұл жаңа мен атап кеткен субъективті, объективті себептердің арқасында, мысалы, алдымен жердің сапасын белгілеп алу.

Осы кейінгі үш жылда геоботаникалық зерттеулер жүргізіп, топырақтың құнарлылығын, жердің сапасын түсініп алу керек болды. Оның ішінде үш жылда 66 миллион гектар жерді жоспарлағанбыз, қазіргі кезде 57 миллион гектар жерді тексеріп бітірдік. Енді қалғанын осы жылдың аяғында, ендігі жылдың жартысында тексеріп бітіреміз. Оны бітіргеннен кейін орталықтандырылған электрондық база болады. Сондықтан біз жердің сапасын біліп отырамыз. Жердің сапасын білу кейінгі кезде жерді сатудың кадастрлық бағасын айқындауға бізге мүмкіндік береді. Өздеріңіз білесіздер, жердің кадастрлық бағасы көп жылдар бойы қаралмаған.

Екінші мәселе – жердің сатылу мәселесін, жердің жалға берілу мәселесін цифрландыру мәселесі. Бұл бойынша заң жобасы дайындалды, ол заң жобасы қазіргі кезде Мәжілістің қарауында жатыр. Сол мәселе шешілу керек деп ойлаймыз.

Үшінші мәселе – жердің пайдалануын бақылау мәселесін орталықтандыру. Өздеріңіз білесіздер, қазіргі кезде жерді беру де, оның пайдалануын қолдану да жергілікті әкімдіктердің қолында. Сол Жер комиссиясында қаралып, жердің тиімді пайдалану функциясын министрлікке қайтадан өткізу, яғни тікелей бақылауды орнату мәселесі қолданылды.

Тағы бір мәселе – жердің кадастрлық бағасын түсіну, оның есептеу методикасын қайта қарау. Осы жұмыстар қазір жүргізіліп, сол біткеннен кейін (бес жылдан кейін) осы мәселеге қайта ораламыз деген шешім Жер комиссиясында қабылданды.

Жерді экономикалық айналымға келтіру мәселесі де сол жерде қаралды. Соның ішінде бірінші мәселе – өзіміздің халқымызға 49 жылға жалға беру мәселесі шешілді. Оны білесіздер, бұрынғы мораторий енгізілген заңда бұл жоқ болатын.

Екінші мәселе – біздің фермерлерге өзінің жалға алған жерлерінің жалға алу құқығын бір-біріне Үкіметтің қатысынсыз сатуға мүмкіндік берілді. Бұл да бұрынғы заңда жоқ болатын, қазіргі кезде енді фермерлер, егер әртүрлі жағдаймен өзінің шаруашылығымен айналысуға мүмкіндігі жоқ болатын болса, ол өзінің жалға алу құқығын алам деген басқа шаруаларға сатуға мүмкіншілігі бар. Біз бұл мәселе осы жердің экономикалық айналымға кіруіне үлкен әсер береді деп ойлап отырмыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Сапархан Кесікбайұлы. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің хатшысы Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлына беріледі.

КҮРІШБАЕВ А.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Заң жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша және Жер реформасы жөніндегі комиссияның ұсыныстары негізінде дайындалған.

Заң жобасының негізгі мақсаттары:

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жекеменшікке беру бойынша мораторийдің күшін 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге ұзарту (5 жылға).

Еліміздегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді отандық жер пайдаланушыларға жалға беру институтын сақтау.

Жер пайдаланушылар арасында ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану құқығын мемлекеттен сатып алмай иеліктен шығару, яғни жалға алынған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді экономикалық айналымға енгізу. Бұл ұсыныстың Жер комиссиясында қабылдануына біздің сенаторлардың ұйытқы болғанын айта кеткім келеді.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы берілген жер учаскелері туралы мәліметтерді ашық түрде орналастыру, басқа сөзбен айтқанда ашық жер кадастры енгізілетін болады, енді қандай тұлғаның қанша жері бар екенін өзіміз көріп отырамыз.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетіне жергілікті атқарушы органдардан тиісті функцияларын қайтару арқылы жерлерді пайдаланылуына мемлекеттік бақылау күшейтіледі, яғни жер ресурстарын пайдалану мәселелері бойынша мемлекеттік бақылаудың бұрынғы вертикалі қалпына келтіріледі. Осылайша заң жобасы Қазақстан Республикасының жер қатынастары мәселелерін дамытуға тиісті құқықтық негіздер қалыптастырады.

Заң жобасы бойынша жұмыс тобының екі отырысы өткізілді. Сенаттың тұрақты комитеттерінен және депутаттардан ұсыныстар мен ескертпелер келіп түскен жоқ.

Баяндалғанды ескере келе, Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті Сенат Регламентінің 58-тармағын басшылыққа ала отырып, Парламент Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ақылбек Қажығұлұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Нұралиев Әбдәлі Токбергеліне беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Жер – тарихы ежелден бастау алатын халқымыз бен ұлан байтақ отанымыздың баға жетпес байлығы. Сондықтан да бүгінгі қарастырылып отырған заң жобасының әлеуметтік-экономикалық маңызы зор.

Қаралып отырған заң жобасына енгізілген негізгі өзгерістер ең алдымен ел экономикасын дамытуға және азаматтардың тұрмыстық сапасын арттыруға арналатын

болады деп ойлаймын. Жалпы заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді қолдауға шақырамын. Сонымен қатар осы орайда атқарушы орган өкілдерінің назарын төмендегі мәселелерге аударғым келеді.

«Жайылым туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар әзірленіп, жер пайдаланушылар бөлінісіндегі жайылымдардың орналасу схемасына, жеке және заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректерге сәйкес жайылымы жоқ шаруашылықтардың мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және жайылымдарға ауыстыру жұмыстары атқарылады.

Осы ретте аталмыш заңда жер иелері, жайылым пайдаланушылардың меншігіндегі нақты мал басына есептелген нормативтен артық жайылым жерлерді малы бар, бірақ жайылым жері жоқ фермерлерге пайдалануға беру және шекарасын белгілеу тетіктері толық мәнде реттелмеген. Сол себепті алдағы уақытта Ауыл шаруашылығы министрлігіне заңда орын алып отырған кемшіліктерді зерттеп, зерделеп, оны жою жолдарын қарастыру керек деп санаймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Бектаев Әли Әбдікәрімұлына беріледі.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасын Сенат отырысының бүгінгі күн тәртібіне екінші оқылымда қарауға енгізуді ұсынамын.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселе бойынша да шақырылған азаматтар екінші оқылымға дейін бос.

Құрметті әріптестер! Келесі мәселе Парламенттің бір топ депутаты әзірлеген Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Заң жобасы бірінші оқылымда қаралады.

Слово для доклада от группы инициаторов предоставляется депутату Сената Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Законопроект «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях» разработан группой депутатов Парламента в целях реализации ряда поручений Главы государства.

Проект закона направлен на законодательное установление административной ответственности и решение проблем правоприменительной практики по следующим категориям дел.

Первое. Установление административной ответственности принимающей стороны за дискриминацию в отношении работников направляющей стороны. Законопроектом предлагается привлекать стороны к административной ответственности за несоблюдение законных прав и интересов граждан.

Второе. Установление ответственности за неисполнение постановления прокурора. Согласно законодательству прокурор имеет право немедленно отменить все незаконные решения, а также приостановить необоснованные действия государственных органов. Однако на сегодняшний день административная ответственность за несоблюдение требований отсутствует.

Третье. Увеличение срока давности для привлечения лиц к административной ответственности по фактам незаконного проведения проверок, а также иных форм контроля и надзора. В целях усиления ответственности государственных служащих за факты незаконных проверок, а также других форм контроля и надзора предлагается увеличить срок привлечения их к административной ответственности до одного года. Сейчас этот срок составляет два месяца.

Главная проблема здесь в том, что процесс обжалования результатов проверок, действий государственных служащих занимает много времени, в результате чиновники остаются безнаказанными.

Четвертое. Решение проблем правоприменительной практики, связанных с незаконным проникновением на опасные производственные объекты и незаконной добычей полезных ископаемых. Законопроектом будет уточнена диспозиция статьи 506 кодекса для разграничения административной и уголовной ответственности.

Пятое. Устранение дискриминационного подхода при расчете штрафа за выбросы загрязняющих веществ от сжигания газа на факелах и стационарных источниках. Законопроект предусматривает изменение использования единой базы для расчета экологических штрафов за незаконное сжигание газа в легковоспламеняющихся и стационарных источниках. Это позволит исключить дискриминацию в подходе к начислению экологических штрафов.

Шестое. По поручению Главы государства предлагается дополнительно наделить участкового инспектора полиции правом наложения взысканий по четырем административным правонарушениям, как:

- присутствие несовершеннолетних в развлекательных заведениях в ночное время;
- нарушение запрета на потребление табачных изделий;

нарушение административного надзора;
создание препятствий движению транспортных средств.

Седьмое. Установление административной ответственности за неисполнение законного распоряжения или требования сотрудника Государственной фельдъегерской службы.

Уважаемые коллеги, с учетом вышеизложенного прошу поддержать данный законопроект.

Доклад окончен. Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрақтарым Энергетика министрлігінің, сондай-ақ Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің өкілдеріне арналады.

Қазіргі уақытта салық заңнамасында газды алау етіп жағу кезінде ластаушы заттар шығарғаны үшін ерекше жоғары төлемақы мөлшерлемелері белгіленген. Бұл жер қойнауын пайдаланушыларды ілеспе газды алау етіп жағудан бас тартуға ынталандыру үшін және сұйытылған табиғи газға қайта өңдеуді, жер қабаттарына айдауды және тағы басқаларын қоса алғанда, оны кәдеге жарату жөніндегі технологияларды ендіру үшін жасалып отыр.

Заң жобасында алау етіп газды жаққаны үшін айыппұлдарды есептеуге Салық кодексінде белгіленген, тұрақты көздерге арналған төлем мөлшерлемелерін пайдалану ұсынылады. Бұл сәйкесінше олардың мөлшерін едәуір азайтуға әкеп соғады.

Біз заң жобасының осы нормасына Үкіметтің оң қорытындысы бар екенін білеміз. Бірақ сонымен қатар осы мәселе бойынша министрліктеріңіздің ұстанымын түсіндіруіңізді сұраймыз.

Екінші маңызды мәселе:

Жер қойнауын пайдаланушылар ілеспе газды алау етіп жаққаны үшін айыппұлдардың азаюына байланысты оны кәдеге жаратудың қымбат технологияларын ендіруден бас тартпайды ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Энергетика вице-министрі Қарағаев Жұмабай Ғаббасұлы, жауап беріңіз.

ҚАРАҒАЕВ Ж.Ғ. Сұрағыңызға рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Сенат депутаттары! Бірінші мәселе бойынша айтсақ, жүргізілген есеп бойынша түзетулер Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске қабылданған жағдайда айыппұл мөлшерлері сақталады. Мысалы, егер де Қашаған кен орнындағы алаулардан заңсыз жағылатын газдың 1 миллион текше метріне (2020 жылы есептегенде) 5 миллиард 4 миллион айыппұл салынатын болса, түзетулер қабылданған жағдайда айыппұлдың мөлшері 5 миллиард 600 миллион теңгені құрайтын болады.

Бұл мәселе көптеген Қазақстан және шетел инвесторлары көтеріп келе жатқан өзекті мәселе. Оң шешімі табылмағаннан кейін бұл мәселелер Президенттің жанындағы Шетел инвесторларының кеңесінде көтерілген болатын. Осы кемсітушілікті жою жөнінде Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы бар.

Тағы бір атап өтетін өзекті мәселе, осы түзетулер енгізілмеген жағдайда Энергетика министрлігінің есебі бойынша үш өзекті қауіп бар. Айыппұл 1 шілдеден бастап 10 есе көзделіп отыр.

Бірінші қауіп – бұл жұмыс орнын қысқартуға алып келуі мүмкін. Өздеріңізге беретін ақпарат: қазір мұнай-газ саласында 55 мың адам жұмыс жасайды, мұнай сервис компаниясында 155 адам жұмыс атқарып келеді.

Екінші қауіп – бұл мұнай-газ компанияларын банкротқа ұшыратуға мәжбүр.

Үшінші қауіп – бұл мұнай-газ саласына инвестиция тартуға қызығушылық білдірмейді.

Екінші сұрақ бойынша қысқаша ақпарат: 2006 жылы алаулардан жағылатын газдың мөлшері 3 миллиард 100 миллион текше метрді құраған. 2020 жылы бұл көрсеткіш 390 миллион текше метрді көрсетті. Сол 14 жылдың арасында алаулардан жағылатын шикі газдың көлемі 8 есе азайды. Сол мезгілде Қазақстан 2006 жылы 65 миллион тонна мұнай тапса, 2020 жылы 85,5 миллион тонна мұнай тапқан болатын. Өздеріңіз көріп отырсыздар, біздерде ілеспе газ, сол себепті мұнайдың көрсеткіші өсіп келе жатқанмен алаулардағы жағылатын газдың көлемі азайып келе жатыр.

Екінші атап кететін жағдай, 2020 жылы Қазақстан 55 миллиард 100 миллион текше метр газ тапты. Соның ішінде алаулардағы жағылған газ (атап өткен) 390 миллион текше метр болды, ол 0,7 пайызды құрайды (1 пайызға да жетпейді).

Бұл Энергетика министрлігінің тікелей бақылауында. Әрбір жер қойнауын пайдаланушы өзінің шикі газды өндіру бағдарламасымен келіп Энергетика министрлігінде қорғайды. Бұл тікелей біздің бақылауымызда.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Сенат депутаттары, сол себептен осы түзетулерді қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Пірімқұлов Ахметжан Әбдіжәмілұлы, жауап беріңіз.

ПІРІМҚҰЛОВ А.Ә. Құрметті Мәулен Сағатханұлы! Бұл норма ең біріншіден, мұнай-газ компаниялары мен тау-кен металлургия және энергетика компанияларының экологиялық жауапкершілігін сәйкестікке келтіреді.

Газды жағу процесінде және стационарлық шығарындылардың негізінде ауаға бірдей шығарындылар көлемі шығарылады. Олардың қоршаған ортаға әсері бірдей. Бұған қарамастан мұнай-газ компаниялары көлемі бірдей шығарындылар үшін 20 есе көп айыппұл төлейді.

2020 жылы республика көлемінде 2,5 миллион тонна шығарындылар болса, мұнай-газ компанияларына тек қана 10 пайызы – 243 мың тонна тиесілі.

2021 жылдың 1 шілдесінен бастап жаңа Экологиялық кодекс күшіне енеді. Бұл Экологиялық кодекске сәйкес айыппұлдың мөлшері 10 есе ұлғаяды. Осыған байланысты мұнай компанияларына экологиялық жауапкершілік және мемлекеттік экологиялық бақылау азаймайды, тек қана күшейеді.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Рысбекова Ләззэт Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Мой вопрос адресован докладчику.

Уважаемый Андрей Иванович! Президент в своем прошлогоднем Послании народу Казахстана отметил, что следует законодательно повысить статус участкового инспектора, предоставить ему все возможности для продуктивной работы. Он должен быть узнаваемым, доступным, авторитетным для граждан, активно защищать их права.

Поэтому законопроектом расширяются полномочия участковых инспекторов по рассмотрению отдельных категорий дел об административных правонарушениях и наложению взысканий от имени органов внутренних дел. Это такие нарушения, как:

допущение нахождения несовершеннолетних в развлекательных заведениях в ночное время;

нарушение запрета потребления табачных изделий в транспортном средстве во время нахождения в них несовершеннолетних лиц;

невыполнение лицом, освобожденным из мест лишения свободы, правил административного надзора или установленных в отношении него судом ограничений;

умышленное создание препятствий для движения транспортных средств.

Вопрос: в связи с чем были выбраны именно эти четыре состава, по которым участковые инспектора будут рассматривать дела об административных правонарушениях и налагать административные взыскания по ним?

ЛУКИН А.И. Благодарю за вопрос.

В настоящее время участковые инспектора полиции наделены широким спектром соответствующих полномочий в сфере обеспечения общественной безопасности, как Вы уже сказали.

На сегодняшний день участковые инспектора полиции осуществляют уголовное и административное производство, в частности, по 12 составам уголовных проступков и 228 административным правонарушениям. Это сфера деятельности, вопросы защиты прав граждан, охраны окружающей среды, благоустройства территорий и так далее.

Почему именно такие четыре состава правонарушений были выбраны? Дело в том, что был сделан анализ правоприменительной практики в этом отношении, по согласованию с Комиссией по дальнейшему реформированию правоохранительных органов принято решение о расширении компетенции участковых инспекторов полиции по принятию соответствующих решений. Это снижение бюрократических барьеров, доступность и быстрота принятия соответствующих решений. В частности, могу привести пример по

созданию препятствия движению транспортных средств. Только за прошлый год было привлечено к административной ответственности и составлено административных протоколов на 23,5 тысячи граждан. По допущению нахождения несовершеннолетних в развлекательных заведениях было порядка тысячи, в этом году уже составлено порядка 400 протоколов.

На сегодняшний день данные виды наказаний в административном порядке предполагают действия уполномоченного органа как начальника органа внутренних дел. Сейчас от начальника органа внутренних дел это переходит в компетенцию участкового инспектора полиции. Это очень правильно, в большей степени это для сельской местности, потому что некоторые населенные пункты, отдельные села и аулы находятся достаточно далеко от районного центра, более 100 километров. Для того чтобы доставить административного правонарушителя для принятия решения по административному протоколу, будет затрачено много времени и средств. Поэтому сейчас это компетенция участкового инспектора полиции, который без бюрократии на месте составляет соответствующий протокол с соответствующими доказательствами и принимает соответствующее решение о привлечении к административной ответственности.

В первую очередь мы повышаем статус участкового инспектора полиции, об этом сказал Глава государства, это является выполнением его прямого поручения. Спасибо.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Спасибо, Андрей Иванович, присаживайтесь на свое место.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлына беріледі.

САФИНОВ Қ.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы азаматтардың, кәсіпкерлердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында әзірленді.

Заң жобасында мыналар қарастырылған:

1. Заңсыз тексерулер мен бақылаудың өзге де нысандарын жүргізгені үшін, сондай-ақ бизнес қызметіне заңсыз араласқаны үшін тиісті тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тарту мақсатында ескеру мерзімін 2 айдан бір жылға дейін ұзарту. Ұлттық экономика министрлігінің 2020 жылғы мәліметтері бойынша заңсыз тексерулер мен бұзушылықтардың барлық фактілерінің ішінде лауазымды тұлғаларға қатысты әкімшілік істер тек 20 пайыз бойынша қозғалған. Бұл түзету бұл мәселені шешуге мүмкіндік береді деп болжануда.

2. Еңбек қатынастарында ақы төлеу, жұмыс және демалыс уақыты бойынша бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында жұмыс берушінің немесе қабылдаушы тараптың жауапкершілігі.

3. Күзетілетін объектілердің қауіпсіздігін арттыру, прокурордың қаулысын орындамағаны үшін жауапкершілік мәселелеріне қатысты басқа да түзетулер.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен оң қорытындылар алынды. Заң жобасы жұмыс тобының отырысында, комитеттердің отырыстарында және заң жобасын әзірлеушілердің қатысуымен комитеттің кеңейтілген отырысында қаралды.

Баяндалғанды ескере отырып, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Сенат Регламентінің 58-тармағын басшылыққа ала отырып, Парламент Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексiне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қанатбек Бейсенбекұлы.

Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексiне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Слово предоставляется Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Вношу предложение – включить в повестку сегодняшнего заседания Сената рассмотрение данного проекта закона во втором чтении. Спасибо.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселелер бойынша комитеттердің отырыстарын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН КЕЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар! Тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудандық, қалалық және ауылдық билік деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Әділбеков Дәурен Зекенұлына беріледі.

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Заң жобасымен жұмыс барысында біздің комитеттің депутаттары заң жобасының нормаларын жетілдіруге, сондай-ақ құқықтық олқылықты жоюға бағытталған ескертулер мен ұсыныстар берді.

Бұл нормалар мыналарға қатысты:

1) мәслихат сессиясының хатшысын, сондай-ақ мәслихаттың тұрақты комиссияларының төрағаларын сайлау және босату тәртібін регламенттеуге;

2) облыс, республикалық маңызы бар қала және астана мәслихаты хатшысы болмаған кезде мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрағасына міндеттерін жүктеу тәртібін нақтылауға.

Аталған ұсыныстар бойынша Ұлттық экономика министрлігі комитеттің атына тиісті хат жолдады. Онда комитет депутаттары ұсынған нормалар заңнамада белгіленген мерзімде мәслихаттардың үлгілік регламентіне енгізілетінін атап өткен. Осы үлгілік регламенттің негізінде мәслихаттар осы толықтыруларды өз регламенттеріне енгізеді.

Жоғарыда баяндалғанды ескере келе, комитет Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 4-тармағын басшылыққа ала отырып, заң жобасын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дәурен Зекенұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудандық, қалалық және ауылдық билік деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Қабылданған заң жергілікті маңызы бар міндеттерді тиімді түрде шешу үшін ауылдық, аудандық және қалалық деңгейдегі билікке жаңа мүмкіндіктер береді. Оның ішінде биыл жаңадан сайланған мәслихат депутаттарының құқықтарын кеңейтеді және мәслихаттардың жұмысын жетілдіреді. Алдағы уақытта осы өзгерістер өңірлердің дамуына тың серпін береді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне қашықтан жұмыс істеудің құқықтық реттелуін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСІП Н.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Үзіліс кезінде заң жобасына қатысты төтенше жағдай енгізілген кезеңде қашықтан жұмыс істеуді белгілеу тәртібін регламенттеу, мемлекеттік, әскери, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін қашықтан жұмысқа жіберу тәртібін регламенттеуге байланысты, сондай-ақ қашықтан жұмыс істейтін қызметкерлерге қатысты еңбекақы төлеуде кемсітушілікке жол бермеу туралы мәселелер қаралды.

Заң жобасын тұтастай қабылдау қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді, еңбек жанжалдарын және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ететін басқа да мәселелерді уақытылы шешуге ықпал етеді.

Заң жобасы бойынша Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Баяндалғанды ескере келе, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне қашықтан жұмыс істеудің құқықтық реттелуін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұртөре Байтілесұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне қашықтан жұмыс істеудің құқықтық реттелуін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Қазіргі таңда қашықтан жұмыс істеу әлемдік трендке айналып отыр. Әрине, бұған пандемия да өз әсерін тигізді.

Елімізде азаматтар қашықтан жұмыс істеу режиміне көшкен кезде тиісті заңнамалық реттеудің жоқтығы еңбек қатынастары саласында кейбір мәселелерді туғызғаны белгілі. Осы заң қашықтан жұмыс істеудің құқықтық негіздерін одан әрі қалыптастыруға арналған. Сондықтан қазіргі кезеңде бұл нормалардың маңызы зор.

Заңға бастамашы болған Парламент депутаттарына алғыс білдіреміз.

Бұл мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рейдерлікке қарсы күресті күшейту, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз араласуынан қорғау және бағалы металдардың заңсыз айналымына кедергі келтіретін шараларды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Слово предоставляется Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Согласно статье 26 Конституции каждый имеет право на свободу предпринимательской деятельности. Таким образом, государство не только гарантирует свободу предпринимательской деятельности, но и обеспечивает ее защиту и поддержку. защите предпринимательства особое внимание уделяет Глава государства.

Рассматриваемым сегодня законопроектом решается ряд важных задач, поставленных Президентом, которые направлены на защиту предпринимателей от рейдерства и незаконных действий правоохранительных и контролирующих органов и их должностных лиц.

Кроме того, законопроектом предусматривается уголовная ответственность за незаконный оборот драгоценных металлов и драгоценных камней, это будет препятствовать нелегальному обороту драгоценных металлов.

Законопроект сегодня был одобрен в первом чтении и рассмотрен на заседании головного комитета во втором чтении. Предложений и замечаний по рассматриваемому законопроекту не поступило.

На основании изложенного Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам в соответствии с пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан рекомендует Сенату принять Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам усиления борьбы с рейдерством, защиты предпринимательской деятельности от незаконного вмешательства государственных органов и должностных лиц и усиления мер, препятствующих нелегальному обороту драгоценных металлов». Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Владимир Васильевич.

Құрметті әріптестер, заң жобасын талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рейдерлікке қарсы күресті күшейту, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз араласуынан қорғау және бағалы металдардың заңсыз айналымына кедергі келтіретін шараларды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу

туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Бұл заң Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған тапсырмаларды орындау мақсатымен қабылданып отыр. Соған сәйкес кәсіпкерлерімізді рейдерліктен және құқық қорғау мен бақылаушы органдардың заңсыз іс-әрекеттерінен қорғау үшін қосымша жүйелі шаралар қабылданды. Қабылданған түзетулер алдағы уақытта кәсіпкерлікті ынталандыруға және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз етуге арналған қосымша құқықтық негіздер қалыптастырады.

Осы заңға бастамашы болған Парламент депутаттарына алғыс білдіреміз.

Заң жобасы бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлына беріледі.

КҮРІШБАЕВ А.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Бұл заң жобасы Қазақстан Республикасының жер қатынастары мәселелерін дамытуға тиіс құқықтық негіздерді қалыптастырады.

Заң жобасын екінші оқылымға даярлау барысында Сенаттың тұрақты комитеттерінен және депутаттардан ұсыныстар мен ескертулер келіп түскен жоқ.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аймақтарды дамыту комитеті Парламент Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ақылбек Қажығұлұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бірінші оқылымда талқыланды. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Азаматтық қоғамның беделді өкілдерінен құралған Жер қатынастарын реттеу жөніндегі комиссия осы саладағы өзекті проблемалар бойынша өз ұсынымдарын берген еді. Бүгін қабылданған түзетулерге сол ұсынымдар негіз болды.

Бұл заңда жерді қорғауға, оны ұтымды және мақсатты пайдалануға арналған жаңа нормалар қарастырылған. Соған сәйкес Қазақстан азаматтарына ауыл шаруашылығы жерлерін жекеменшікке беру жөнінде Жер кодексіндегі нормалардың қолданылуына мораторий ұзартылды. Құжатқа жайылымдық жерлерді пайдалану мәселелерін реттейтін, жер учаскелері бойынша ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ететін жаңа нормалар да енгізілді. Оның бәрі еліміздің ұлттық мүддесіне толығымен сай келеді. Сондықтан алдағы уақытта заң ел игілігіне қызмет етеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті сенаторлар! Күн тәртібіндегі соңғы мәселе – «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз депутат Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлына беріледі.

САФИНОВ Қ.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Заң жобасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Жобада еңбек етушілердің құқықтарын қорғау, алауларда және стационарлық көздерде газ жағудан ластаушы заттардың шығарындылары үшін айыппұлды есептеу кезінде кемсітушілік тәсілді жою, әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың ескіру мерзімінің өтуіне байланысты әкімшілік жауаптылықтан босату жағдайларын болдырмау, прокурор қаулысын орындамағаны үшін жауапкершілік белгілеу көзделеді.

Сенаттың тұрақты комитеттерінде осы заң жобасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар жоқ. Заң жобасы комитет отырысында қаралды.

Баяндалғанды ескере отырып, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Конституцияның 61-бабының 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қанатбек Бейсенбекұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бірінші оқылымда талқыланды. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Қабылданған заң әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы одан әрі жетілдіруге арналып отыр. Құжатта азаматтардың еңбек құқықтарын заңнамалық тұрғыдан қорғау көзделген. Сондай-ақ осы заң азаматтар мен бизнестің

мүдделерін қорғау үшін прокуратура және ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Осы заңға бастамашы болған Парламент депутаттарына алғыс білдіреміз.

Бұл мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Депутаттық сауалдар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Депутаттық сауалдар жоқ.

Құрметті әріптестер! Бүгін біз жетінші шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясындағы Сенаттың қорытынды отырысын өткізіп отырмыз.

Сессия барысында Мемлекет басшысының елімізді жаңғырту бағдарын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін ауқымды жұмыс атқарылды.

Парламент 63 заң қабылдады. Олардың ішінде 15 заңға депутаттық корпус бастамашылдық жасады.

Палатаның қарауына түскен әр заң жобасы жан-жақты қаралып, тұрақты комитеттер мен жалпы отырыстарда кеңінен талқыланды. Азаматтар мен сарапшылар қоғамдастығының ұсыныстары да назардан тыс қалмады.

Осы орайда Президенттің бастамашы болуымен қабылданған жерді шетелдіктерге сатуға және жалға беруге тыйым салған заңды ерекше атап өткен жөн. Осылайша бұл мәселе түбегейлі шешілді.

Сайлау заңнамасына маңызды өзгерістер жасалды. Ауыл әкімдерін тікелей сайлау туралы норма қабылданды.

Саяси партиялардың Мәжіліс пен мәслихаттарға өту шегі төмендетілді және сайлау бюллетеньдеріне «бәріне қарсымын» деген жол қосылды.

Жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды дамыту бойынша да шаралар қабылданды. Ауыл халқының өзекті мәселелерін тиімді шешу үшін жергілікті билік органдарына қосымша функциялар мен өкілеттіктер берілді.

Сенат депутаттары экономикалық өсімді қалпына келтіруге, індеттің таралуына тосқауыл қоюға, шағын және орта бизнесті қолдауға көп көңіл бөлді. Бұл өзгерістердің түпкі мақсаты – азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыру екені сөзсіз.

Ашықтықты арттыру үшін квазимемлекеттік сектордың сатып алулары алғаш рет заңмен регламенттелді.

Сот-құқық қорғау саласында қабылданған заңнамалық өзгерістердің ауқымды бөлігі азаматтардың құқықтарының қорғалуына, кәсіпкерлерді заңсыз араласудан қорғауға бағытталды.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру үшін ұлттық заңнамада алғаш рет «Әлеуметтік кәсіпкерлік» ұғымына анықтама берілді. Мемлекет тарапынан осы бағытты қолдаудың нақты шаралары мен тетіктері белгіленді. Бұл маңызды заң жобасын сенаторлар қысқа мерзімде Үкіметпен және әлеуметтік кәсіпкерлермен бірлесіп дайындады.

Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша заңдарға енгізген өзгерістеріміз өмір бойы оқытудың барлық деңгейлерінде ерекше білім беру қажеттіліктерін қамтамасыз етуге арналды. Депутаттар мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолдау көрсетуді одан әрі жалғастыра береді. Ол үшін Сенат жанынан арнайы жұмыс тобы құрылды.

Халықаралық шарттар мен келісімдерді ратификациялау аясында қабылданған заңдар шет елдермен әр түрлі салаларда ынтымақтастықты арттыруға мүмкіндік береді. Осы және басқа да қабылданған заңдар ел игілігіне қызмет етеді деп сенеміз.

Тағы бір назар аударатын жайт, сенаторлар өткен және осы сессияда өздерінің заң шығаруға бастамашылдық құқығын белсенді қолдана бастады. Былтырғы қыркүйек айынан бері сенаторлар жеті заң жобасына бастамашы болып, оның алтауы қабылданды. Сондай-ақ Сенат депутаттарының бастамашылығымен тағы 14 заң жобасы бойынша жұмыс жүргізілуде. Сессия барысында басқа бағыттар бойынша да ауқымды жұмыстар атқарылды.

Сенат қабырғасында «Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу – кешенді жаңғырудың негізі» тақырыбына арналған парламенттік тыңдау өткізілді. Отырыс барысында ұлттық мүддемізге қатысты маңызды мәселелер көтеріліп, тиісті ұсынымдар әзірленді.

Сенатта Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жарық көрген «Ашаршылық. Голод. 1928 – 1934. Деректі хроника» атты жаңа еңбек көпшілікке таныстырылды. Онда бірегей тарихи құжаттар жинақталған. Олардың басым бөлігі Қазақстанда алғаш рет жарияланып отыр.

Біздің тарихымыздағы алапат қасіретті жан-жақты сипаттайтын бұл жинақ еліміздің архивтері мен кітапханаларының және жоғары оқу орындарының қорларына таратылды.

Сенаторлар өңірлерге барып, халықпен және еңбек ұжымдарымен үш жүзге жуық кездесу өткізді. Бұдан бөлек тұрақты комитеттер өткізген 3 үкімет сағаты, 5 көшпелі отырыс, 40 дөңгелек үстел мен кездесу шеңберінде Президент тапсырмаларының, заңдардың және мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы жан-жақты қаралды. Осы іс-шараларда қабылданған ұсынымдар жауапты мемлекеттік органдарға жіберілді. Оның бәрі Сенаттың бақылауында болады.

Ағымдағы сессияда әріптестеріміз 45 депутаттық сауал жолдап, орталық мемлекеттік органдардың назарын өзекті мәселелерге аударды және оларды шешу жолдарын ұсынды.

Коронавирустық шектеулерге қарамастан, парламентаралық ынтымақтастық та жүйелі дамып келеді. Сенаторлар әртүрлі форматтағы халықаралық парламенттік ұйымдардың жұмысына белсенді қатысты.

Өзбекстан Олий Мәжілісі Сенатымен ынтымақтастықтың Жол картасына қол қойылды. Оны іске асыру өңіраралық ынтымақтастықты нығайтуды, экологиялық проблемаларды бірлесіп шешуді және тағы басқа басымдықтарды көздейді.

Құрметті депутаттар! Жалпы, сессия барысында Сенаттың Президентіміздің ауқымды реформаларын заңнамалық тұрғыдан сапалы қамтамасыз етуге арналған қызметі нәтижелі болды деп айта аламыз.

Палатаның конституциялық өкілеттігін іске асыру жолында табысты жұмыс істегендеріңіз үшін баршаңызға ризашылығымды білдіремін.

Сенат жұмысын барлық бағыттар бойынша тиісті деңгейде қамтамасыз етіп жүрген Аппарат қызметкерлеріне, сондай-ақ Палата қызметін жария етудегі белсенді жұмыстары үшін бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне алғыс айтамын.

Құрметті сенаторлар! 30 маусымда бірлескен отырыс өтеді. Онда бірінші сессияның жұмысына қорытынды жасалып, парламенттік каникул жарияланады.

Парламенттік каникул кезеңінде депутаттардың жұмысы тоқтап қалмайтыны белгілі. Сіздер өңірлерге барып, халықпен, жұртшылықпен кездесесіздер. Соның аясында жергілікті жерлердегі проблемаларды зерделеп, сындарлы ұсыныстар жинақтайсыздар. Оның барлығы да алдағы депутаттық қызметімізге негіз болатыны сөзсіз.

Құрметті әріптестер, жоспарланған кездесулеріңіз сәтті өтсін. Баршаңызға денсаулық тілеймін. Аманшылықта жүздесейік.

Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 24 маусым

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы қызметіне сайлау туралы

Об избрании на должность судьи Верховного Суда Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің Төрағасы

Д.А. ШИПТІҢ баяндамасы

Доклад Председателя Высшего Судебного Совета Республики Казахстан

ШИППА Д.А. 1

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы В.В. ВОЛКОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ВОЛКОВА В.В. 2

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

НҰРБАЕВ Г.К. – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы, судья Верховного Суда Республики Казахстан 3

ӨМІРӘЛИЕВ Е.Ж. – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы, судья Верховного Суда Республики Казахстан 3

ТОҚМЫРЗИНА Д.А. – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы, судья Верховного Суда Республики Казахстан 3

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы

О назначении на должность члена Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета

Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы О.В. ПЕРЕПЕЧИНАНЫҢ баяндамасы

Доклад председателя Комитета по финансам и бюджету ПЕРЕПЕЧИНОЙ О.В. 4

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудандық, қалалық және ауылдық билік деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелері бойынша

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам расширения самостоятельности и ответственности районных, городских и сельских уровней власти», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

**Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
Ә.А. ЕРҒАЛИЕВТЫҢ баяндамасы**

Доклад Министра национальной экономики Республики Казахстан
ИРҒАЛИЕВА А.А. 5

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. 6

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы Д.З. ӘДІЛБЕКОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад председателя Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству АДІЛБЕКОВА Д.З. 8

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне қашықтан жұмыс істеудің құқықтық реттелуін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Трудовой кодекс Республики Казахстан по вопросам совершенствования правового регулирования дистанционной работы», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты
Н. ТӨРЕҒАЛИЕВТЫҢ баяндамасы**

Доклад депутата Сената Парламента Республики Казахстан
ТУРЕҒАЛИЕВА Н. 9

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

НҰРСИПАТОВ Н.Н. 10

САРБАСОВ А.Ә. – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі, первый вице-министр труда и социальной защиты населения Республики Казахстан 11

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі
Н.Б. ЖҮСІПТИҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке
ЖҮСИПА Н.Б. 11

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рейдерлікке қарсы күресті күшейту, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз араласуынан қорғау және бағалы металдардың заңсыз айналымына кедергі келтіретін шараларды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам усиления борьбы с рейдерством, защиты предпринимательской деятельности от незаконного вмешательства государственных органов и должностных лиц и усиления мер, препятствующих нелегальному обороту драгоценных металлов», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты
С.М. АЙТПАЕВАНЫҢ баяндамасы**

Доклад депутата Сената Парламента Республики Казахстан
АЙТПАЕВОЙ С.М. 13

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

СҮЛТАНОВ Е.Х. 15

ШЫНДАЛИЕВ Ә.Қ. – Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары, заместитель Генерального Прокурора Республики Казахстан 15

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы В.В. ВОЛКОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ВОЛКОВА В.В. 16

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам развития земельных отношений», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

**Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі
С.К. ОМАРОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад Министра сельского хозяйства Республики Казахстан
ОМАРОВА С.К. 18

Сөз сөйлеген:

Выступил:

НУХҰЛЫ А. 20

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің хатшысы А.Қ. КҮРІШБАЕВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад секретаря Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий КУРИШБАЕВА А.К. 22

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. 22

БЕКТАЕВ Ә.Ә. 23

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты А.И. ЛУКИННІҢ баяндамасы

Доклад депутата Сената Парламента Республики Казахстан ЛУКИНА А.И. 24

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.М. 25

ҚАРАҒАЕВ Ж.Ғ. – Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі, вице-министр энергетика Республики Казахстан 25

ПІРІМҚҰЛОВ А.Ә. – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі, вице-министр экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан 26

РЫСБЕКОВА Л.Т. 27

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы Қ.Б. САФИНОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад секретаря Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам САФИНОВА К.Б. 28

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ВОЛКОВ В.В. 29

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудандық, қалалық және ауылдық билік деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам расширения

самостоятельности и ответственности районных, городских и сельских уровней власти» (второе чтение)

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы Д.З. ӘДІЛБЕКОВТІҢ баяндамасы

Доклад председателя Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству АДІЛБЕКОВА Д.З. 30

«Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне қашықтан жұмыс істеудің құқықтық реттелуін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Трудовой кодекс Республики Казахстан по вопросам совершенствования правового регулирования дистанционной работы» (второе чтение)

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Н.Б. ЖҮСІПТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке ЖҮСИПА Н.Б. 31

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рейдерлікке қарсы күресті күшейту, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз араласуынан қорғау және бағалы металдардың заңсыз айналымына кедергі келтіретін шараларды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам усиления борьбы с рейдерством, защиты предпринимательской деятельности от незаконного вмешательства государственных органов и должностных лиц и усиления мер, препятствующих нелегальному обороту драгоценных металлов» (второе чтение)

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы В.В. ВОЛКОВТЫҢ баяндамасы

Доклад председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ВОЛКОВА В.В. 32

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам развития земельных отношений» (второе чтение)

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің хатшысы А.Қ. КҮРІШБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад секретаря Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий КУРИШБАЕВА А.К. 33

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексiне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнiнде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях» (второе чтение)

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хашысы Қ.Б. САФИНОВТЫҢ баяндамасы


Доклад секретаря Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам САФИНОВА К.Б. 34

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева